

# ПИОНЕР

Сентябрь 1956 жыл № 9

АЛМАТЫ







Сабакка эзірлік,  
Фотозэтыд П. РЕДЬКОНІКІ.





# ПИОНЕР

Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 9  
СЕНТЯБРЬ  
1956 жыл

Айына бір рет шығады.

Шығуына 18 жыл.

## ДОСҚА ХАТ

*Т. Молдағалиев.*

Тамылжып шыққан таңдағы  
Тыңдайық, достым, біз үнді.  
Күледі колхоз бағбаны —  
Ағаштан алма үзілді.

Қалтырай түсіп жел соқса,  
Жапырақ жасыл сарғайды.  
Жабыңқы тартып гүл бақша  
Тағдырын жазға жалғайды.

Солғанмен гүлдер далада,  
Жүзінде есіп жылы леп.  
Кешегі біздей балалар  
Мектепке келді күлімдеп.

Есімнен менің кетпеді  
Сентябрь таңы — нұрлы таң.  
Қош алып өмір мектебі  
Қуанды бізге ұлы Отан.

Үйрен деп жастай ілімді,  
Мектепке ана кіргізді.  
Жүректің тұңғыш дірілін —  
Ұмытармысың күнді ізгі.

Мойынға сумка асынып,  
Кітаптың бетін ақтардық.  
Класқа кірдік асығып,  
Соған да сол кез мақтандық...

Жүгірдік талай үйге біз,  
Бағаны алсақ ең тәуір.  
Қоңыраулатып, келді күз,  
Кепті ғой сол бір сентябрь.

\* \* \*

Ояның таңмен таласып,  
Жайыңды, достым, ұғамын.  
Алматы барып аз жылда,  
Атанып қайттың мұғалім.

Бар нұрын құйған жаныңа  
Бейне бір сағым өткен күн.  
Күлімдеп саған тағы да  
Есігін ашты мектебің.

Есігін ашты мектебің,  
Есігін ашты құрметпен.  
Өмірдің жарқын көктемін —  
Есіңе алшы күнді өткен.

Қарсы алар, достым, құрметпен  
Ұстазын күткен балалар.  
Қуаныш еді бұл неткен  
Міндеті үлкен және бар.

Оқушың айтқан сөздерін  
Тыңдарсың үнсіз, бірде ұйып.  
Қадалған сәби көздері  
Жаныңды жылтар нұр құйып.

Қараса шәкірт қадалып,  
Тыңдаса сені қызығып.  
Осы бір сәтте балалық  
Алдыңнан өтер тізіліп.

Кітабын қысып қолтыққа  
Баланы көрсең жүгірген.  
Ойларсың, достым, әр шақта:  
— Осындай ем, — деп, — бұрын мен.

Ұстаздық етіп түлекке  
Барыңды соған ет табыс.  
От берер сонда жүрекке,  
Ұстазбын деген мақтаныш.

Жанарында нұр жанып,  
Баланы сүйген елжіреп.  
Көктейді-ау мәңгі гүл жарып  
Қартаймас сірә сол жүрек...





# Жаңа достар

Әңгіме



Қалада туып-өскен, өзімен жасты, бірақ бұрын-соңды жүздісіп көрмеген тумасы Шәденнің көктемгі демалысты ауылда өткізу үшін қыдырып келуі Шәкірге зор қуаныш әкелді. Ол қуаңнан секі-

ріп-секіріп алып, ойына әлде не түскендей столға жүгіріп келді де, күнделігіне осы бір тамаша кездесуді жазып қойды. Рас, олар бастапқыда бір-бірін жатырқады да. Бірақ, ешқайсысы да дүрдісіп тұрмай, қайта әпсәтте-ақ жақындасып кетті.

Шәден ауыл өмірін білмесе, Шәкір қала өмірін жақсы білмейтін. Әйтеуір, күні бойы бірі қала жайын, бірі ауыл жайын айтып, екеуі де жарысып сөйлеумен болды. Олар бірі-біріне қайткенде де ұқсауға тырысты. Бірақ, көйлектері бірдей болғанымен Шәденнің бойы ұзындау болып шықты.

— Оның есесіне, мен аласа болғаныммен, сенен толықтауым ғой,— деп қойды Шәкір де қалыспай.

Ол өзінде бар жақсы нәрселердің бәрін көрсетіп, өзі білетін ойындарын түсіндірумен болды. Шәден де осылай істеді. Тек ол:

— Әттең, қалаға барсаң, бұдан да кереметтерді көрсетер едім,— деп қынжылды.

Жүгіріп келе жатқанында жол бойында тауықтардың өзінен дүрлігіп қашатынын, жерден тас алып лақтырғанында көршісінің иті селк ете қалатынын және әр кезде де ол иттің өзінен өлердей қорқатынын айтты Шәден. Шәкір оған басын дамылсыз изеп, оны мақұлдап отырды. Ол өзіне кезек келгенде нешәтүрлі балықты қорықпай ұстай алатынын, тіпті шортан қолын қырқып алса да, жаман балаларша жыламаймын деді. Ол Шәденге:

— Батыр болсаң, шортанды ұстап көрші,— деді.

— Несі бар дейсің, ұстамай... Сол да батырлық па? Мен тіпті дүкеннен қайтқанда оны қушақтап та қайтатынымын. Оның сыр-

тынан майы шығып тұратынын айтсаңшы! Үлкені де, кішісі де — бәрі бар-ау!

— Жоқ, жоқ, дүкендегіні айтпа маған. Қәдімгі тірі шортанды ұстай аласың ба деп тұрмын ғой?

— Бәрі бір. Мен онан да қорықпаймын.

— Қорықпаймын?

— Ия.

— Ал, туласа, қолыңды тістеп алса қайтер едің?

— Қойсайшы, қысып ұстап алсам, тулай ала ма?

— Жарайды. Ал, онда менімен бірге көл басына барайық. Жүрші өзің бері,— деп Шәкір Шәденді терезенің алдына алып келді де, баяу ескен желмен толқып, бұйраланып жатқан көлді көрсетті. Шәден аз ойланып, сәлден соң:

— Барайын. Тек су шашып, балықты маған қарай лақтырып жүрме,— деді.

— Ай-ай, қорқа бастадың ғой деймін?

— Жоқ, жоқ, қорықпаймын, тіпті қорықпаймын.

Шәкір қармағын, бірер құлаштай жіп алып, екеуі көлге қарай беттеді.

Қармақ суға шолп еткенде, су бетіне қабат-қабат толқын сақиналар пайда болды да, үлкейіп-үлкейіп барып ғайып болды. Тек су бетіндегі саябыр толқынның ғана қалтқыны жәй ырғалтқаны болмаса, көпке дейін қармаққа ештеңе ілінбеді. Бұның бәрін Шәден кейініректен үңіле бақылап отырды. Біраз отырғаннан кейін ол тынышсыздана бастады, шыдамы кетті.


Қалтқы оқыс қозғалып кетті де, дір етіп су астына батып, Шәкірдің қолын едәуір жұлқып қалды.

— Е-ей, немене, балық па? — деп Шәден орнынан ұшып тұрды да, Шәкірдің қасына секіріп түсті.— Бол, бол, шығарсайшы енді!

— Асықпа, көресің ғой. Даурықпа, балықты үркітесің!

Шәкір қармақты саумалап, бір қалыппен жоғары көтере берді. Арқасындағы тікенектері үрпиіп, бұлқынған долы алабұға су бетіне шыға келді де, суды сабалай бастады.

— Е-ек! Тіпті тулайды ғой мынауың! Не деген керемет, ә! — деп Шәден танданғаннан





айқайлап жіберді де, қармақтың сабына жабысты.

— Токта! Мен алып берейін. Ал, сен мына желбезегінен жіп өткізіп, суда ұстай тұр. Келесі ұстағандарымызды да осылай тізе бересің.

Шәден қашығырақ тұрып, алабұғаны ұстайын деп қолын созып еді, ол тулап, қапелімде іліге қоймады.

— Жақындасаншы! — деді Шәкір ашулы кейіппен.— Өй, бір өзің... Білем, білем, бағырмын, батырмын деп мақтанатын едің. Жасықсың ғой. Алабұғадан осындай қорқасың, шортанды ұстарда тіпті жылап жіберерсің.

Шәкірдің бұл сөзі Шәденнің қытығына тиді. Ол алабұғаның тулағанынан қорыққанмен, Шәкірдің сөзіне шыдай алмай, кенет қос қолымен шап беріп ұстай алды. Бірақ, бұлқынып қалғанда, оның тікенек қанаты Шәденнің алақанын жырып, кілегей денесі жылып етіп қолынан шығып кетті, алабұға су шінде бір жалт беріп, жоқ болды.

— Шәкір!

Әрі судың шалп ете қалғанын, әрі Шәденнің үрейлі даусын естіп, Шәкір қайырылып қарағанда, алабұғадан айырылып қатып, аң-таң болып тұрған Шәденді көрді.

— Қап, не болды енді! Қап! Әй, май ұстап келдің бе? Қолыңнан түк келмейтін бірденесің ғой өзің!

Шәкірдің ашулы сөзіне Шәден не деп жауап қайтарарын біле алмай, айыпты пішінмен үнсіз тұрып қалды.

Шәкір жаңадан табысқан досына сұсты кейіппен бір қарап алды да, суға қайтадан

қармақ тастады. Сәлден кейін қалтқы тағы да дір етіп, әлде не қармақты сүйрей жөнелді.

Шәден бұл жолы күліп жіберді де, қолын суға малып, тұтқын балықты мұқият ұстауға даярлана бастап еді, шортанның басын көріп қалып, бойы дір етті. Бірақ, оны Шәкірге сездірмеуге тырысты.

*Зейнолла Серікқалиев.*



## БІР ДОС ТУРАЛЫ

Бір студент досым болды М. деген,  
Бірге оқыймыз,

*Жасырмаймын сыр онан.*

Сол досыма кездесемін күнде мен,  
Қолына ұстап жүреді тек роман.

Көрем оқып романды жүргенін,  
Кей кездерде кезіп көше бойларын.  
Елең қылмай басқалардың күлгенін,  
Ғалым болар, деп досымды ойладым.

Кейін білдім, дәлелдейін несін көп,  
Сол досымның ұнамады мінезі.  
«Мына жігіт көп оқыйды десін» — деп,  
Мақтап үшін істейді екен мұны өзі.

...Сол қалпымен өтті күндер, талай ай,  
Жоқ қой пайда ұстағанға құр оған.  
Ең болмаса, оннан бірі оқылмай  
Қолында жүр баяғы сол роман.

*С. Қабылбаев.*





Әңгіме

Көктемнің көңілді күндерінің бірі еді. Кешегі жауған жанбырдан жер дегдіп, оны инеше тескен көктер көтеріле бастаған. Жайдары күн шуағын мол төгеді. Айнала жымжырт. Тек сонау алыстағы, белестен арғы тракторлардың гүрілі үзіле-үзіле жетеді. Біз салт аттымыз. Алдымыз село.

Әңгімемен келе жатып, атымыз жалт еткенге қарасақ: жолға түсіп бір аң секектей зымырап барады. Аяғынан көтерілген шаң оқта-текте бұрқ етеді. Бәріміз де шаба жөнелдік. Біз жотаға шыққанда аң селонның көшесіне жетті де, жерге батқандай жоқ болды.

Селоға біз де жеттік. Аңның «ғайып» болған жерін байқасақ, дәнене жоқ, кәдімгі жер. Қайда кетті? Үйлерге енді ме? Осы ойда тұр ек, көшенің қарсы бетіндегі үйден бұрымы селтендеген кішкене қыз шыға келді. Шамасы, тоғыз-он жасар. Жүзінде бізге деген реніш бар.

— Машаны неге қудыңыздар? — деді ол, әрқайсымызға жалтақтай қарап.

— Машаң кім, шырағым?

— Маша — Маша да! — деді қыз, өкпелей.

— Онда қателестің, шырағым, қуғанымыз жоқ бізі!

— Жоқ, сіздер, болмаса бұл уақытта келмес еді. Күнде әйтеуір... Бірі болмаса, бірі қуады. Неге танымайды екен... бір жыл ішінде...

Анырған біз әрең түсіндік. «Машасы» әлгі бізден қашқан аң болды ғой.

— Қуғанымыз жоқ, қалқам, өзі түсті алдымызға, — дедім мен. Қыз маған жалт бұрылып, сенер-сенбесін білмей тұрып қалды.

\* \* \*

..Өткен жылдың көктемі. Түн бұлыңғыр. Көзге түртсе көргісіз. Оқта-текте жаңбыр тамшысы да үзіліп тұр. Автомашинадағылар асығыс. Жаңбыр құймай тұрып елге жету керек. Кең даланың шегі таусылар түрі жоқ. Машина жарығы жердің тақтайдай жазық екенін байқатып келеді. Жарықты кесе бірде түлкілер өтсе, кейде аш қасқырлар да ұшырайды.

Кенеттен шофер газын өшіріп, машина шапшандығын баяулатты. Жолаушыларға жарық ішінен бір нәрсе көрінді. Құлағын қайшылап, жарықтан көз жаза алмай еліктің кішкене лағы тұр. Аңқау ол машинаны көкірегімен тосып тоқтатардай тапжылмайды.

Осы сәтте ілбіп келе жатқан машинадан Зұлпия секіріп түсті. Лақ бір елен етіп, бұға қалды. Ептеп басып Зұлпия да жетті-ау. Ол лақтың мойнынан құшақтай алды. «Бақ» деген лақ жылы құшаққа еніп жым болды.

Маша қолға солай түскен. Лақ енесі жыртқышқа жем болып жетім қалды ма, әлде тірі енесінен адасты ма, ол жағы мәлімсіз еді. Бірақ, сәл жүрсө жыртқышқа жем болатынына шәк жоқ. Оған қамқоршы табылды, лақты жетімсіретпей өсірді де.



Алғашқы күннен-ақ Зұлпия емізікпен сүт бере бастады. Оған көнсін бе жабайы аң. Сүтті ішпей, Зұлпияны көп мазалады да. «Асыраймын» деген бетінен Зұлпия қайтпады, акыры дегеніне жетті.

— Ол лақты қойнына да алып жатты, — деп күледі мамасы. Сосын папасына үйшік жасаттырып, сонда ұстайтын бопты. Еңбегі зая кетпей, қазір Машасы дегенін істейді.

Күн ұясына батып, ымырт үйіріле бастады. Зұлпия үйінен шығып, төңірекке көз салды. Елігі жоқ.

— Маша, Маша, Машенка!...

Коянша секіріп, огород жақтан Машасы шыға келді.

— Қанша айтамын саған: огородка басушы болма! Тағы көрсем, — деп ол оны қылмысты баладай қолын шошайта қорқытты. Машасы түсінгендей құлағын қыймылдатып, мөліп тұр.

— Уақыт... Ұйықта, күнімен шаршаған боларсың. Маша салмақпен басып, үйшігіне беттеді.

*Ш. Серімбетов.*



## ШАЛ МЕН БАУЫРСАҚ

Күзгі уақыт екен. Тонтайдың үйіне бір замандасы келіпті. Әйелі шай жасапты. Тонтайдың үйінің төргі жағына төсеніш қалындау түсіп, есік жағы құлама екен, дастарханға салған аз ғана бауырсақ ылдйға домалап, шалдың алдынан қашықтай беріпті.

Шал бауырсақты алған сайын алдына таман әкеліп қойса, бауырсақ жылжып ылдйға сырғый беріпті. Шал өзінің бауырсаққа ұмтыла бергенінен ұялған ба:

— Осы үйдің бауырсағы қуғынды көп көрген қашаған ба, жоқ әлде менің қолымның ебі кеткен бе? — депті. Сонда Тонтай жұлып алғандай:

— Сенің икемің кетіп қыйуың қашты екен деп, бауырсаққа өре салып қоямыз ба, — депті. Шал үндей алмай қалыпты. Тонтайдың бұл сөзі де ел аузында мәтел болып жүреді.

*Ел аузынан жыйнаған С. Бегалин.*





## ӘЖЕ, ЕТІГІМДІ ШЕШІҢІЗШІ!

Бірінші кластың шәкірті Махаш оқу басталған алғашқы кездерде қосу амалын жөнді түсіне алмай жүрді.

Бір күні мамасы сабаққа дайындалып отырған Махаштың ту сыртынан қарап тұрып, мынадай қызықты көрді. Өзінің кішкене столында есеп дәптеріне төне отырып, Махаш, төртке үшті қоса алмай әбден азаптанды. Тіпті ешнәрсе шығара алмаған соң ойына келгенді істеуге кірісіпті. Танауы пысы етіп:

— Төртке үшті қосқанда,— деп сыбырлап сөйлеген бойы, бар ынтасын салып ойланады.



— Төртке үшті қосуды білмедің бе? — деді мамасы.

— Міне, төрт саусақ,— деп ол Махаштың оң қолынан төрт саусақты бөліп шығарды, — енді оған мына қолыңнан үш саусақ қосып көрші.

— Бес, алты... жеті... жеті! — деді Махаш, есептің оп-оңай шыққанына мәз-майрам болып.

Шіркін, мамасы қандай білгіш. Осының бәрін қалай ойлап табады десейші!

Сол күннен бастап Махаш мамасының көмегінсіз-ақ оның ішіндегі сандарды саусақ-

тарының көмегімен, оп-оңай шығаратын болды. Бірақ бір күні үйге берілген тапсырмадан:  $7+6=?$

Махаш үйренген тәсілі бойынша әуелі оң қолынан бес саусақты, сол қолынан екі саусақты бөлек шығарды. Бұл жеті.

Ал енді оған алтыны қосу керек. Бірақ, сол қолының қалған саусақтары үшеу-ақ болып шықты. Махаш сасып қалды.

Ол жан-жағына алақтап мамасын іздеп еді, үйде жоқ екен. Міне қызық, саусақтары жетпей қалды; енді не істеу керек? Кенет аяғының бақайлары есіне түскен Махаш қуанып кетті. Бірақ аяғында етігі бар, шешейін десе жұдырығы түйюлі. Оңға дейін есептеп те қойған...

— Әже, әже! — деді ол, көрші бөлмеге жүгіре кіріп,— Тез! Етігімді шешіңізші!

Жұдырығы түйюлі баласын көріп, аяғын әлде не шағып алды ма деп зәресі ұшқан әжесі:

— Не болып қалды? — деді шошынып дауыстап.

— Тез! — деді Махаш онан сайын,— саусақтарым жетпей тұр, башпайларымды қосып санауым керек...

Әжесі сүйсіне күліп оның етігін шешті...

Ертеңіне сабаққа келісімен, осынша қығын есепті дұрыс шығарып келгеніне қуанған Махаш, өзеурей қол көтерді. Оның дұрыс жауабына сүйсініп мұғалімі:

— Ал, Махаш, есепті қалай шығардың? — деп сұрады.

Махаш қызарандай төмен қарап есепті қалай шығарғанын айтты.

Мұны есітіп мұғалім күлді де, сол күннен бастап балаларға есеп шығаратын шыбықтар жасатты.

*Зейнолла Шүкіров.*





# КАСКЕЛЕҢ ЛАГЕРІ

## ҚЫЗЫЛЖАРҒА ЖОРЫҚ

Күн ұясынан жаңа шығып, аркан бойы көтерілген шақ. Су бойындағы ұзынша, шатырлы, ақ үйден топ бала жүгіре шықты да, тыста таңғы зарядка жасады, жуынып-шайынып, асханаға жөнелді.

Міне, олар жолда. Бірінің соңынан бірі тізбектеліп Каскелең өзенінің бойымен жүріп келеді. Өзеннің таңғы салқын лебі бойларын шыйрықтыра түскендей, балалардың бәрі қунақы, аяқ алыстары шыйрақ.

Мақсат айқын. Жол ұзақ. Кеше кешкісін бұлардың бәрін лагерь бастығы Жолдасбеков Алтынбек линейкаға жыйнап алып, бүгінгі жорықтың жайын ескерткен еді.

— Баратын жеріміз сонау тұрған биік Қызылжар шоқысы. 14 километр. Таңнан тұрып, салқынмен ыстық түскенше жетіп қалуымыз керек,—деген еді ол.

Лагерьге кеглен алғашқы жетінің ішінде ешқайда шықпаған балалар бұл пікірді қуана қарсы алды. Олардың жолшыбай самбырлай сөйлесіп, әзілдесіп, күлісіп, көңілді келе жатқанының да осындай мәні бар. Бұлар өткелден өтіп, жолда Хрущев атындағы колхоздың сыйыр фермасымен танысты. Бір қарт малшыдан жөн сұрап, Қызылжар асуына қарай бет алды. Өрлеп келеді. Өрлеп келеді. Күн де жоғары көтеріліп, ыстық күшеюге айналды. Бір қабат көйлектің өзі денеге ауыр болған соң жорықшылар жеңілейіп алды.

Сөйтіп, олар табандылықпен қаздаңдап жоғары өрлей түсті. Ақыры асу алынды. Олар шоқының басында.

— Шіркін, дүрбі болса ше! — дейді балалардың бірі төңірекке қаранып.

— Өне қараңдар! Қараңдар! — деп айқай салды өзбек тақыялы, талдырмаш, бойшаңдау, көк көзді, сары бала.

— О не, о не! — деп бір топ бала Володя Чурсиннің жанына келіп шоғырлана қалды.

— Өне, Госселекция көрініп тұр,— деді Володя оларға.

— Кәне, кәне,— деп алдымен елеңдеген Валерий Павлов болды.

Володя мен Валерий екеуі де осы Госселекциядағы Макаренко атындағы мектептен келген еді. Олар құрбыларына Госселекция

туралы әңгіме айтып берді. Әсіресе, олар Госселекция поселогінің болашағын, қазір онда су жүйесінің жүргізіліп, жаңа құрылыстар салынып, еңбекшілердің мәдениет дәрежесінің артып келе жатқанын жарыса айтып берді.

Осы әңгімелерге Есет манадан бері жайғана құлағын түріп сыртта шеткерілеу тұрған. Тәпелтек бойлы, дөңгелек бет, талпақ мұрын осы кішкентай қара бала лагерьдегі барлық балалардың ең сүйкімдісі. Ол мана шыңға шыға алмай екі рет құлап қалып, балалар оған жолшыбай күліп келген. Сол өзбетінше тұрып-тұрып:

— Өне, қараңдар! Алматы! Алматы көрінеді! — деді. Ол дәл бір Американы ашқан Колумбыдай-ақ қуанған шығар. Секіріп-секіріп қояды. Сұқ саусағын нұсқап:

— Өне! — дейді.

Ұзын бойлылардың ешқайсысы көрмей, мына жатаған баланың көргеніне сенер-сенбесін білмей, жорықшылар нұсқаған жаққа қарай көз тікті. Есет қанша қуанғанымен оның көргені Алматы емес, Абай атындағы колхоз болып шықты. Алматыны дәлелдеп көрсеткен Женя Маслецов пен Сережа Табиев болды. Олар:

— Алматы анау. Поездардың түтіні шығып жатыр, үйлерінің саны да көп,— деп дәлелдеп берді.

Бұдан кейін жорықшылар суға түсті, көлге тас жасырып ойнады, доп ойнады, тау жемістері мен гүлдерін терді, түрлі тастар жыйнап, көбелектер ұстады. Шоқының сыртындағы тынық бұлақты көріп қызықты. Мұнда бастаудың көзі өте баяу ағады екен. Лагерь бастығы балаларға мұның мәнісін түсіндірді. Қайтқанда бұлар ұзындығы 15—20 метрге созылған үлкен бір қара үңгірге тап болды. Оның іші қаптаған жақпар тастар болғандықтан лагерь бастығы жорықшыларды оның ішіне кіруге рұқсат етпеді.

Жорық сапары аяқталып келеді. Жолшыбай колхоз қойшысымен біраз әңгімелесті де қас қарая манағы өткелге жетті.

Міне керемет! Өзен манағы таңертеңгісіндей емес, аса қатты тулап, буырқана ағып жатыр. Сарқыраманың сарылы мен гүрілі





Пионерлердің З. А. Соколоваға көмегі.

көш жерге жетеді. Балалардың манағы өткен жіңішке көпірдің үстін оқтын-оқтын су шайып кетеді.

Бұл жайды көрген соң аға пионер вожатыйы Лиза Чингаева жорықшыларға тоқтауға ишарат білдірді. Лагерь бастығы олардың ортасына келді.

— Балалар, мынау өзеннің гүрілін байқайсыңдар ма? — деді ол. — Бұл — Каскелең өзені, арнасы тар болғанымен, ағыны қатты. Оның суы қазір манағыдай емес, молайып, көпірдің үстін шаюға айналған. Байқап өтіңдер!

Бұлай сақтандырмаса болмайтын да еді. Екі адам қатар жүріп өтуге болмайтын көпір өте жіңішке болатын. Таңертең жорықшылар ойын-шыны аралас оны «Қылкөпір» деп атап кеткен. Су ағыны мынау. Енді не істеу керек? Жорықшылардың ішінде Есет сыяқты бірінші, екінші кластарда оқыйтын жас балалар да бар.

Жорықшылар кеңесіп мұның да айласын тапты. Ересек балалар көпірдің өн бойындағы ірі тастардың үстінде тізіле тұрып әуелі кішкентай достарын өткізіп алды. Артынан өздері өтті. Қызылжарға жорық сәтті аяқталды.

## ЦАРЕВТЫҢ ҚЫЛЫҒЫ

Лагерьдің өз ауласы кең болғанымен, онда жеміс бағы жоқ еді. Бірақ, лагерьге көршілес тұратын екі-үш үйдің көптеген жеміс ағаштары бар. Әсіресе, алманың қызара бөрітп пісіп қалған кезі. Піскен алма көздің жауы емес пе! Осыны білген лагерь бастығы мен аға пионер вожатыйы балаларға дер кезінде-ақ ескерткен. Адалдықтың асыл қасиет екенін олардың құлағына сіңірген. Мұны балалардың бәрі құп алды. Бақ иелері көпке шейін оларға риза болып келді. Бұл пікірлерін олар лагерь бастығы мен аға пионер вожатыйына да айтып үлгірді.

Бірақ, бір күні кенет күтпеген мынадай бір оқыйға болды. Кешке қарай балалар Валерий Царевтың сырттап жүріп алма жеп жүргенін көріпті. Мұны олардың бірі аға пионер вожатыйына айтқан екен, ол Царевтың төсегінің бас жағынан бір кепка алма тауып алады. Мұны сезген Валерий сол күні түні бойы ұйықтай алмай шықты. «Енді маған не дер екен, не істер екен?» деген ой оның әбден мазасын кетірді.

Таң атты. Царев тұнжырап көңілсіз жүр. Оған әлі ешкім ештеңе деген жоқ. Таңертеңгі астан соң линейкаға жыйналды. Горн тартылды. Бірақ, бұл әдеттегі салтанатқа арналғандай жыйын болмады. Вожатыйдың шақыруымен Валерий Царев линейканың алдына шықты. Бір кепка толы алма оның алдына қойылды. Балалар таң қалысты. Царев олардың бетіне қарай алмай жерге қадалып тұр. Ақсары жүзі оттай дуылдап, құлағына шейін қызарып кеткен. Осы жым-жырт тыныштық бір сәтке созылды.

Әлден уақытта лагерь бастығы ортаға шығып:

— Балалар! Мынау кепка толы алма кеше Царевтың төсегінің астынан табылды. Біздің өз алма бағымыз жоқ. Валерийдің үйінен кеше ешкім келген жоқ. Бұл алмаларды ол қайдан алды, соны бізге айтсын! — деді.

— Айтсын, айтсын!

— Қайдан алды?

— Шыныңды айт! — деген өктем дауыстар линейканың өн бойынан естілді.

Царев жерге қарап әлі тұр. Үн жоқ.

— Кәне, сенің мына достарың қашанғы күтеді, айт! — деді аға пионер вожатыйы Чингаева да.



— Ме-ме-ні кешіріңдер!— деген сөз Царевтың аузынан әрең шықты.

Осы кезде балалардың өздері көрген педагогикалық дастан» кинофильміндегі суреттің бейнесі көз алдарына келді.

— Қайдан алдың? Кімнен ұрладың? Айт!— деді олар бір ауыздан.

— Мы-нау, мы-нау үйдің бағынан,— деді Царев қарсыдағы кішкене шатырлы үйдің есігін ашып.

Бұдан кейін пионерлер сөйледі.

— Қазірден бастап ұрлаған алмасын иесіне тапшырып, кешірім сұрасын!

— Бұл қылығы ата-анасына хабарлансын!

— Мектебіне де хабарлансын!

— Екінші рет қайталаса, лагерьден шығарылатыны ескертілсін,— деді олар.

Берік шешім жүзеге асырылды. Бұдан кейін Царев көршілердің бағына түспейтін жолды.

## ҰЯЛМАЙ АЙТАМЫЗ

Оқу басталар қарсаңында Женя мен Зина үйден кетіп қалды. Олардың амандықтан соңғы сөзі бар әңгімесі лагерьде өздерінің қалай оқуға жақсы демалғаны туралы болды. Зина Қарырова пионер лагерінде бірінші отрядтың командирі болған да, Женя Маслицев дружина советінің председатели болған еді.

— Маған Қызылжарға жасаған жорығымыз қатты ұнады,— деп еді Женя.

— Ә, Жамбыл музейіне жасаған жорық қандай еді!— деп Зина іле жөнелді. Ұзынағаштың қоршағындағы Жамбыл атындағы колхоз, ондағы музейге жасалған жорық шынында балаларға қызықты әсер қалдырды. Онда пионерлер Жамбылдың немерелерімен танысып әңгімелескен.


— Әсіресе, Жамбыл атайдың өз қолынан өсірілген жеміс бағын айтсаңшы!— деп қоймады Зина.

Каскелең пионер лагерінде быйыл демалған балалар бұдан басқа да жерлерге сан рет серуен жасады. Олар лагерьде нағыз пайдалы еңбекке де дағдыланды. Каскелең өзенінің сол жақ бүйірінен өздері суға түсу

үшін кішкене көлшік жасады. Оның астына құм төгіп, жиектерін айнала таспен көмкерді. Село балалары қазір де осы көлшікке суға түседі.

Лагерьде бірінші маусымда аудан мектептерінен 54 бала, екінші маусымда Хрущев атындағы колхоздың 50 баласы демалды. Олардың көрген қызықтары мен үйренген, білген жайлары да көп. Баяншы Василий Дробышевтан үйренген әндері мен билерін олар қазір де ойдағыдай орындап бере алады.

Міне, әңгіме ән мен би жайына кеткенде Женя мен Зина екеуі «Пионерлер маршына» қосылып кетті. Олардың жалғыз терек түбінде отырып баяу дауыспен шырқаған әні кешкі тынық ауада аса әсем естілді. Бұл әнді де олар лагерьде үйреніп еді.



Пионерлер Каскелең өзенінен өтіп жатыр.  
Суреттерді түсірген П. Кудряшев.

Зина мен Женя осы жолы қоштасып тұрып алдағы оқу маусымын еске алды.

— Жазда жақсы демалдық. Мектепке барған алғашқы күні мұғалім: — Қалай тынықтыңдар?— деп сұраса, ұялмай айтатын жайлар көп,— деді Женя.

— Бәрін, бәрін айтамыз,— деп Зина оны қостады.

*Р. Ыдырысов.*

Алматы облысы.



## ҚОЖАНАСЫР МЕН БАЛАЛАР

Қожанасыр мектептен қайтып келе жатқан бір топ балаларды көріп: «Енді мен бұларды да бір алдайын» — деп ішінен жымыйып кү-



ліп қойып, олардың жолын тосып, күтіп тұрады. Анадайдан Қожанасырды көрген балалар, жамыраған қозыдай шуласып, жүгіріп оның қасына қалай келгендерін де білмей қалды. Қожанасыр балаларды жылы жүзбен мейірбан қарсы алып:

— Балалар! Анау көпірден өтіп бара жатқанда, жаңғақ артқан саудагерлердің түйелері үркіп, қаптары жарылды. Онда көпір үстіне көп жаңғақ төгіліп қалды. Тез барыңдар! Теріп алыңдар! — депті.

Жаңғаққа жаны құмар балалар, ду етіп ұша жөнелген бір топ торғайдай қас қаққанша Қожанасырдың қасынан жоқ болады. Балалардан айрылып, жалғыз аңқылып қалған Қожанасыр:

— Әй, расында сол көпірдің үстінде жаңғақ төгіліп қалды ма екен?! — деп балалардың артынан өзі де жүгірді.

## ҚОЖАНАСЫР МЕН АЙ

Қожанасыр бір күні түнде су алуға келіп, шелегін арқанына байлап, құдыққа сала берейін десе, оның түбінен ай көрінеді.

— Ойпыр-ай, мынау айдың құдыққа су ішемін деп түсіп, шыға алмай соры қайнаған екен, не де болса құтқарып сауабын алайын, — дейді.

Шелегін шешіп ол былай қоя салып, арқанына темір тоғанақ байлайды.

Сөйтіп айды іліп ала қояйын деп тоғанақты құдыққа салды. Темір тоғанақ құдық ішінде бір затқа ілініп қалып, қайта шықпай қояды.

— Мына айдың ауырлығын-ай, — деп Қожанасыр шірене, бар күшімен тартып қалғанда, арқан осалдау екен, үзіліп кетеді де өзі шалқасынан түседі. Құлап жатқан оның аспандағы айға көзі түсіп:

— Жығылсам жығылайын, бірақ айды аспанға бір шығардым ғой, — дейді.







### ҚОЖАНАСЫРДЫҢ КҮНДІЗ ШЫРАҚ АЛЫП ЖҮРУІ

Бір күні Қожанасыр күндіз қолына шырақ ұстап келе жатты. Жол-жөнекей кездескен біреу:

— О, Қоже-еке! Жүрер жолымды көрмей шұңқырға құлаймын, дейтін түн емес, тал түсте шырақ ұстап жүруіңіздің мәнісі қалай? — депті таңырқап. Сонда Қожанасыр:

— Осы ел өте қараңғы ел деген соң, аз да болса сәулемді түсірейін деген игі ниетімнің нышаны ғой, — депті.

### ТОЙДЫҢ ҚАЗЫ-ҚАРТАСЫ, ҚОЖАНАСЫРДЫҢ ШАПАНЫ

Қожанасыр бір қыялмен кәріп жолына түсіп, көк есегін мініп, көк шапанын киіп әлдеқалай бір ұлы думан тойға бара қалыпты. Көк есекті, көк шапанды мүсәпірді тойда табақ тартып, қызмет етіп жүргендердің бір де бірі елең қылмапты. Ләм-миім деп оған назарларын аударып, үзір-мәзір айтып: «Есегіңізден түсіңіз, ас алыңыз» — деп мезірет еткен еш жан болмапты. Қожанасыр тұрып-тұрып, үйіне қайтып кетеді. Ол дереу жібек шапанын киіп, ат-тұрманын сайлап,

жорғасына мінеді де сол тойға ізінше тағы қайта барады. Барысымен жалақтаған жігіттер алдынан жүгіріп шығып, атын ұстап, қолтығынан сүйей қолпаштай үйге кіргізіп, төр алдынан орын береді. Табақ толған майлы қазы-қарталар да алдына жалма-жан келіп жетеді. Сонда Қожанасыр:

— Мына майды маған емес, саған тартты, мен жемеймін, сен же. Сен же! — деп шапанының жеңін майға батыра беріпті.



### КӨК ЕСЕКТІ ҚОЖА МЕН ҚОЯН

Қожанасыр жол жүріп келе жатса, алдынан бір қоян ата қашыпты. Көк есегімен қоянға жете алмайтынын білген Қожекең:

— Семіз болсаң, ерінбей қуып, шаршатып соғып алар ем, ауыз жарымайтын апсыйған арық екенсің, әуре болып не қылайын, — деп жәйімен кете беріпті.

Ел аузынан жазып алған  
Өтебай Тұрманжанов.





## КІР ҚОЙМА


Қатты серпе,  
Қашты көрпе,  
Простина зытқыды.  
Жастық қаша,  
Көлбақаша,  
Ол да қашып ытқыды.  
Жақындасам,  
Тұрған майшам,  
Пешке кірді қашты да.  
Кітап біткен,  
Зытып кетті,  
Кроватьтың астына.  
Шай ішкім кеп,  
Самоварға барып ем.  
Ол да қашты,  
Ойбай оған  
Неғып ем.  
Не боп қалды?  
Бұл немене,  
Неге бәрі дөңгелеп,  
Шыр айналды,  
Мұнша неге,  
Қашып менен жүр белек?  
Утюг қуды етікті,  
Етік қуды пирогті,  
Пирог қуды утюгті.  
Көсеу қуып белбеуді,  
Апыр-топыр боп кетті,  
Бірін-бірі сүйретті.  
Шешем жатқан үйден шығып,  
Қыйсық аяқ ақсаңдаған,  
Умывальник қақшаңдаған,  
Тұрды дағы бәрін байқап,  
Таң қалды да  
басын шайқап:  
— Ей, оңбаған, түрің жаман,  
Беті-қолың жуылмаған,  
Сазда аунаған кірлі торай,  
Бері қара, мұның қалай?  
Не деген ылас,  
Не деген нас,  
Күйеленген баласың.  
Мойның батпақ,  
Мұрның сатпақ  
Көмірден де қарасың.  
Кірлі қолмен,  
Енді бермен,—  
Жақындаса сәл ғана,  
Шалбар қашты,  
Шаңнан қашты, долдана.  
Ең арғысы ертең ерте,  
Тышқандар да жуынады.

Каз, үйректің балапаны,  
Қанатымен су ұрады.  
Ең арғысы шыбын-шіркей,  
Ол да өзінше таранады,  
Бәрі суға шомылады,  
Бәрі судан нәр алады.  
Жуынбаған тек сен ғана,  
Сатпақ-сатпақ кірлі бала.  
Шұлығың да, башмағың да,  
Біреуі жоқ бас жағыңда,  
Қашып кетті, әні қара!  
Мен — атақты умывальник  
Түк қоймайтын болса кір.



Умывальник — мен начальник  
Мочалкаға командир.  
Аяғыммен бір тебініп,  
Шақырсам тек,  
Солдаттай боп дайын болып,  
Умывальник суға толып,  
Бірі құйып, бірі жуып,  
Біреуі ұстап, бірі қуып,  
Тас тебеңнен сорғалатып,  
Тұрған сені кірге батып,  
Ә дегенше жуындырып,  
Үстіңе су құйып жүріп,  
Тазалайды әбден баптап,  
Боп шығасың сүттен де аппақ!»  
Соны айтты да ол,  
Леген соғып ол оңды-сол:  
«Қара-барас»  
Дейді дағы қышқырады,  
Щетка кеп ысқылады,  
Жан-жағынан жамырасып,






Жабылып кеп ысқырады:  
 — Ал жуамыз, ал жуамыз!  
 Енді нағыз,  
 Аппақ қана,  
 Аппақ бала,  
 Боласың да қаласың!  
 Аппақ бала,  
 Жақсы-ақ қана,  
 Жақсы-ақ бала боласың!»  
 Сабын ырғып,  
 Сырғый жылжып,  
 Шаш түгіне жабысты.  
 Ысқылады,  
 Ышқынады,  
 Кебік көкке тағы ұшты.  
 Құтырынған мочалкадан,  
 Қаштым таяқ тигендей,  
 Ол соңымнан қуып берді,  
 Кеше екен деп именбей.  
 Қысылғаннан бауға қаштым,  
 Қатты састым,  
 Бірақ аяқ бастырмай,  
 Тызылдатты,  
 Тістеп қапты,  
 Алас ұрған қасқырдай.  
 Кенет, тосын,  
 Крокодил сүйген досым,  
 Оң жағында Тотошасы,  
 Сол жағында Кокошасы,  
 Аллеядан келіп қалды,  
 Олар мені көріп қалды.  
 Мочалканы ұстай алды,  
 Бір-ақ қылғып жұтып салды.  
 Сөйтті дағы маған қарап,

Аяғымен жерді сабап:  
 «Тарт үйіңе, жүгір!» деді.  
 «Бар да жылдам жуын!» деді.  
 «Әйтпесе, тез тұтам», деді.  
 «Тұтамын да жұтам!» деді.  
 Қатты састым,  
 Тұра қаштым,  
 Келдім дағы жуындым.  
 Бас та сабын,  
 Шаш та сабын,  
 Аппақ болып жуылдым.  
 Қатқан сатпақ,  
 Жұққан батпақ,  
 Сыядан түк қалмады.  
 Сол заматта-ақ,  
 Тызалақтап,  
 Шалбар келе қалғаны.  
 Қашқан әлгі пирог келіп,  
 «Ал, енді же!» деп тұр төніп.  
 Май жаққан нан,  
 Жан-жағымнан  
 Жарысады ұмтыла,  
 Жабысады ұртыма!  
 Кітапшалар қызыл-жасыл  
 Бірін-бірі сүйреп жатыр.  
 Грамматика, арифметика  
 Бәрі келіп билеп жатыр.  
 Біздің ұлық умывальник,  
 Кір қоймауға ол да тұр.  
 Умывальник — ол начальник  
 Мочалкаға командир.  
 Мені олар қысып сүйді,  
 Маған қарап басын иді:  
 «Енді, міне, сүйем сені,  
 Енді мақтап жүрем сені,  
 Енді сені қатты ұнаттым,  
 Кір қоймастың көңілін таптың!»  
 Жаса, жаса,  
 Тамаша иіс сабындар.  
 Жаса, жаса,  
 Жұмсақ, кірсіз орамал.  
 Кел, дарияға шомылайық,  
 Сүңгіп, жүзіп жуынайық.  
 Мейлі астау, көземен де  
 Теңіз, арық өзендерде,  
 Моншаларда, ванналарда,  
 Таза сулы арналарда,  
 Бетінді жу, тісінді жу!  
 Бәріне ортақ:  
 жасасын су!

Аударған А. Тоқмағамбетов.



## ЖАС НАТУРАЛИСТЕР ПАВИЛЬОНЫ



Қазақ ССР ының павильоны.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің оңтүстік қақпа деп аталатын шетінде шағын ғана, төбесі күмбезше әйнектелген сәнді үй тұр. Оның сырт көрінісінің өзінде де ерекше бір тартымдылық бар. Маңдайшалағы «Жас натуралистер» павильоны деген жазу бірден көз тартады.

Павильонның залдары мен стендтерінде сан түрлі экспонаттар жайнайды. Міне, жалпы таныстыру залы. Онда елімізде жасөспірімдерге жан-жақты тәрбие беруге Коммунистік партия мен Совет үкіметінің жасап отырған қамқорлығы бейнеленген.

Совет Олағында тұңғыш рет жас натуралистер үйірмесі 1918 жылы Москвада құрылған. Ол кезде бір ғана үйірме болса, қазір мектептердің, балалар үйлері мен мектептен тыс балалар мекемелерінің жанында алпыс мыңнан аса жас натуралистер үйірмесі жұмыс істейді, оларға екі миллионнан аса оқушылар қатысады.

Мұндай үйірмелер жалпы білім беретін мектептерде политехникалық оқуды дамытуға, жасөспірімдерді еңбекке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеуге көмектеседі.

Көптеген пионерлер мен оқушылар, оқу озаттары, жастар үйірмелерінде үздік көзге түскендер Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушылар.

Жас натуралистер павильоны жеті залдан тұрады. Павильонның жалпы таныстыру, орталық зал, жас техниктер, жас малшылар, жас табиғатшылар, оранжерея және кинофильмдер көрсететін, лекциялар, баяндамалар өткізетін, жас натуралистердің ғалымдармен, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп озаттарымен кездесуі ұйымдастырылатын залдары бар. Бұларда 72 стенд орналастырылған.

Экспонат үшін дайындалған участоктен жеміс бауын, питомникті, жидектік, жүзімдіктерді, овощ, ауыспалы егістерін, дәрілік дақылдарды, гүлді-деко-

ративті өсімдіктерді, парниктерді, ауа райын бақылайтын алаңды, шағын ғана зоологиялық-малшаруашылық бұрышын көруге болады. Жасөспірімдердің еңбексүйгіш қолымен отырғызылған әрбір өсімдік ерекше қамқорлыққа алынған...

Жалпы таныстыру залы В. И. Лениннің 1920 жылы 2 октябрьде Россия Коммунистік Жастар Одағының үшінші съезінде сөз сөйлеп тұрған бейнесін көрсетуден басталады. Кіре берістегі оң жақ қабырғада екінші панно — КПСС XX съезін құттықтап тұрған жас пионерлерді көрсетеді.

... Елімізде болашақ коммунизм құрылысшыларына деген қамқорлықта шек жоқ. Жана, алтыншы бесжылдықта қалалық және селолық мектептер салуға мемлекетіміз 4 миллион сомнан аса қаржы бөліп отыр.

СССР-де балалар үшін 2153 сарай және пионерлер үйі салынып, жас натуралистердің 197 станциясы, жас техниктердің 231 станциясы, 101 балалар күлдіргі театры және жастар театры, 151 балалар паркі мен стадион, 29 балалар темір жолы іске қосылған. Өткен жылы 5,8 миллион бала және жасөспірім пионер лагерьлерінде балалар санаторийлерінде, экскурсиялық-туристік базаларда демалған.

Мұның бәрі залдағы экспонаттар мен диаграммаларда тамаша баяндалады.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысу правосын алған жас натуралистер мен экскурсант ретінде келген мектеп оқушылары мен пионерлер үлкен тәжірибе мектебінен өтеді.

Жас натуралистер павильонында қазақстандық оқушылардың да экспонаттары қойылыпты. Міне, жас егіншілер залы. Мұндағы стендтердің бәрінен Ақмола облысындағы Атбасар жетіжылдық мектебі жастарының үйірмесінің жұмысын көресіз. Стендтегі фотосуреттер және оларға берілген түсіндірмелер оқушылардың тың және тынайған жерлерді игеруде колхоздар мен совхоздарға қалай көмек көрсетіп келе жатқанын сыпаттайды.

Ауданның картасы тұр. Онда мектеп көмек көрсеткен тың және тынайған жерлер игерген колхоздар мен совхоздар көрсетілген. Оқушылар тек бір ғана Киев астық совхозындағы жұмысшы жастар мектебі үшін 700 кітап, 60 оқулық жыйнап, сыйға тартқан, жана қоныстанушылар мен байырғы колхозшыларға 15 рет концерт қойып берген. Сондай-ақ жас натуралистер поселкені көгалдандыруда да тамаша істер істегені келушілерді қатты сүйсіндіреді.

Осы залда Жамбыл облысының Мерке ауданындағы қант заводы жанындағы орта мектептің жас натуралистерінің стенді де тұр. Мұндағы үйірмеде 188 мүше бар.

Жастар мол өнім шеберлерінің жұмыс әдістерін үйрене отырып, суармалы бөлікте қант қызылшасының әр гектарынан 1280 центнер өнім жыйнаған, оның қанттылығы 21 процент. Қандай тамаша көрсеткіш.

Бұл сыяқты табысқа жас натуралистер қалай жетті? Дақылды егу алдында олар тұқымды 15 күн бойы яровизациялаған. Егіс басталар кезде әрбір



шаршы метр жерге 6 килограмм шіріген көн, 8 грамм аммиак селитрасын, 40 грамм суперфосфат, 10 грамм хлорлы калий енгізді.

Тұқым топыраққа 7 апрель күні отырғызылды. Қатараралықтардың аралығы 45 сантиметр, ал қатарлары 16—18 сантиметр болды. Өсімдіктің өсу дәуірінде бес рет суарып төрт рет үстеп қоректендірілген. Егін жыйнауға үш-төрт апта қалғанда тамырдан тыс қорек беріліп, жапырақтарына дәрі бүркілген.

Мұндай агротехника байырғы егіншілер үшін де назар аударарлық. Көрмеге келушілер жас натуралистерге өз тәжірибелері туралы әңгімелеумен қағар, олардың іс үлгісіне де көңіл бөлмей өте алмайды.

Еліміздің түпкір-түкпірінен көрмеге экскурсияға жыйналған мектеп оқушылары тек «Жас натуралистер» павильонында ғана болып қоймай, өнеркәсіп көрмесін, туысқан республикалар павильондарын да аралап, өздеріне үлкен сабақ алады.

Міне, Қазақ ССР-інің павильонына Ленинградтың Нева ауданындағы № 347 мектептің 10 класын быйыл бітіріп шыққан оқушылар келіп кірді. Олар республиканың байлығымен байыпты түрде танысты.

Бұлардың ішінде жоғары оқу орнына түсуді қалайтындары да, шығыстың өнеркәсіп орындарына барып жұмыс істеуге тілек білдірушілер де бар.

— Павильон неткен бай еді, Валентина Дмитриевна, — деді аласа бойлы, көзі сәл қысыңқы келген сары бала, қасында тұрған өз мұғалімі Купцоваға бұрылып, — екі жылда 18 миллион гектардан аса жаңа жер игеру зор жеңіс емес пе! Бұрынғы ойға әбден бекітім. Барамын сол өңірге.

Бұл — Геннадий Сергеев. Гена оныншы класта оқып жүрген кездің өзінде Қазақстан туралы көп айтады екен. Енді ол республиканың павильонын аралап көргеннен кейін өндіріске аттануға берік бел байлап тұр.

Генаның пікірін оның кластас достары Тамара Николаева да, Виталий Некрасов та және басқалары да қызу қостап кетті.

— Кешегі «Жас натуралистер» павильонында Қазақстаннан келген тың игерушілермен кездесу біз-

дің Геналарға қатты әсер етті, — дейді мұғалім Валентина Дмитриевна Купцова, оқушыларын нұсқап. — Ақмола облысының Атбасар ауданында ұйымдастырылған «Шуйский» астық совхозы трактор бригада-



Ленинград оқушылары Қазақ ССР ының павильонында.

сының бригадирі Иван Григорьевич Дудкиннің әңгімесі ұмытылмас әсер қалдырды. Ол бұрын Балашов облысында істепті. Партия мен үкіметтің тың игеру жөніндегі шақыруынан кейін Қазақ ССР-іне барып, жаңа совхоздардың біріне орналасқан.

Совхоз быйыл 24 мың гектар тыңға егін салыпты. Клуб, мектеп, аурухана, кітапхана, почта бөлімшесі, нанхана, басқа да қажетті мәдени-тұрмыстық объектілер іске қосылған...

Мұндай қызықты кездесулер көрмеде жиі болып тұрады. Жасөспірімдер көрмеде көргендерін өз мектептерінде де, өмірде де қолданып, ауыл шаруашылығының, өнеркәсіптің барлық салаларынан мағлұматы бар білімді адамдар болып өседі.

Ұ. Бағаев  
Москва.

## ТАПҚЫР БАЛА

Асық ойнап жүрген Қонастарға ауыл қыдырған екі жолаушы кездесе кетеді.

— Қонас, әкең үйде ме? Біз сенің үйіңе мейманбыз, — дейді жолаушылар баланы сынамақ болып.

— Мақұл, жүріңіздер...

— Тоқта, сонда әкең бізге қой сояр ма екен? — дейді жолаушылар.

— Әкем қонағынан тамақ аямайды. Та-

былса біреу, табылмаса екеу сояды, — дейді бала мүдірмей.

Жолаушылар бұл сөзді түсінбей қалып, бір-біріне қарасады.


Бақса, әкесі бойдақ қойы болмағандықтан, буаз саулығын сойып тастаған екен дейді.

Қонақтар баланың тапқырлығына таңданыпты.

Х. Қыдыров.



## ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШ



Шах-и-Зинда сарайы. XIV—XV ғ.

Жазы күн айналып жерге түскендей ыстық, қысы май тоңғысыз жылы Орта Азиядағы ежелгі қалалардың бірі — Самарқанд қаласы. Самарқанд — кәрі шежіре, нешетүрлі тарихи оқыйғалардың куәсі. Ол біздің заманымызға дейінгі 4 ғасырда салынып, алғашқы кезде Мараканда деп аталды. 1220 жылы Самарқандты Шыңғысхан шабуыл жасап бір қыйратып кетті. XIV ғасырдың аяғы XV ғасырдың басында Самарқанд қаласы Темір державасының орталығы болды. 1500 жылдары өзбектер басып алды. 1868 жылы Бұхармен келісім бойынша Россияға берілді.

Совет үкіметі тұсында Самарқанд қаласы бүтіндей өзгеріп өркендей бастады. Өзбек ССР ының (1924—1930) орталығы болды. Самарқанд — қазір облыс орталығы, экономикасы мен мәдениеті жағынан Орта Азиядағы ірі қалалардың бірі.

Самарқанд қаласында архитектуралық құрылысы жағынан дүниежүзілік маңызы бар, ертеден келе жатқан тарихи ескерткіштер сақталған.

Біздің әңгімеміз осы жайында болмақ.

Бұл ескерткіштер бізге тарихтан белгілі. Босқыншылық жорықтарымен дүние жүзіне аты әйгілі болған Темірдің (1336—1405) есімімен байналысты. Оны тарихта «Әмір Темір», «Темірлан», «Ақсақ Темір» деп әртүрлі атайды.

Шағатайға әмірші болған Темір Түркстанға, Персияға әлденеше рет жорық жасап, Афғанстанның біраз жерін басып алды. Ал-

тынорда ханы Тоқтамысты шауып, Бағдат пен Месопотамиеге әмірін жүргізді. Индия мен Сирияның да біраз бөлігін басып алды. Сөйтіп Темір жүрген жердің қаласын шауып шаңдатып, халқын қырып қандата берді. Өз заманында жер тітіреткен мейірімі аз, қатал хан болды.


Темір көзінің тірісінде бір шебер архитекторды тауып алып «Аспанмен тілдескен зәулім сарай саласың. Сәулетіне жұрт таң қалсын. Әйтпесе, басыңды аламын» деп үлкен сарайдың негізін қалатады да, өзі Персияға жорыққа аттанады. Бұл сарайды салдыру билігі Темірдің үлкен әйелі Бибі ханымның қолына көшеді. Қыруар мал, ен байлық жұмсалып, ақырында сарай бітеді. Арада 4—5 жылдай уақыт өтіп, Темір жорықтан қайтқанда зәулім биіктігімен де, әшекейлі айшығы, айқын сырларымен де көз тартатын сарай дайын болып тұрады. Әйеліне риза болып Темір бұл сарайды Бибі ханымға сыйлайды. Одан кейін Темір сол Бибі ханым сарайының маңындағы бір төбенің бауырын жара Шах-и-Зинда сарайларын салдыра бастайды. Биік қақпаға жалғастырыла салынған күмбезді бірнеше сарайлар әрқайсысы әртүрлі нақыстарымен ерекшеленеді. Темірдің Тұман-ака, Тұркан-ака деген әйелдері, Шырын-бике деген қарындасы және өзінің оқытушы, ұстаздары осы сарайларда тұрғанда, олардың денелері де кейін осында қойылған.

...Дүние жүзін тітіреткен қаһарлы Темір қайтыс болғаннан кейін патшалық таққа оның балалары отырды.

Шағатайды XV ғасырда Темірдің немересі Ұлық-Бек біраз жыл биледі. Патшалықпен қатар ол ғылыммен айналысып, астрономия, математикамен терең шұғылданады. Сол кезде ол тұңғыш рет абсерватория, медреселер салдырып, өз айналасына ғылымға икемі бар шәкірттерін жыйнастырады. Ұлық-Бек билік жүргізіп тұрғанда, дін иелері «құдайсыз» деп оған қарсылық білдіреді. Олар Ұлық-Бектің атаққұмар, сөзге ергіш баласын азғырып, оны әкесіне қарсы айдап салады да, ақырында Ұлық-Бек соның кесірінен қазаға ұшырайды. Дін иелері Ұлық-Бектің ғылыми еңбектерін құртып, абсерваториясын қыйратып, көміп тастайды.



Қазір Ұлық-Бек абсерваториясының бұзылмай көміліп қалған бір бөлегі ғана сақтаулы. Өзбек халқы Ұлық-Бекті асқан математик, астроном, ұлы ғалым деп оның атын зор мақтанышпен атайды. Ұлық-Бектің ісі кейінгіге үлгі болып қалды. Оның медресесінің жанынан кейін XVII ғасырда Тилля-кори, XVIII ғасырда Шир-Дор медреселері салынды. Бұл медреселер архитектуралық құрылыстары жағынан дараланып, өзіндік әсем бейнесін күні бүгінге дейін жоғалтпай келеді.



Гүр-Әмирдің мавзолейі. XV ғ.

...Міне, биік қақпа. Одан кейін жиегі мрамормен көмкеріліп, табанына тас төселген ашық алаң. Төртеу биік мавзолей. Жасыл күмбез күнге шағылысып көз ұялтады. Бұл — Темірдің денесі қойылған «Гүр Әмир» мавзолейі.

«Гүр Әмир» мавзолейінің дәл ортасындағы кең бөлмеде бірнеше қабір жатыр. Ақ мрамордан қатарланып жасалған қабірлер бір тектес те, олардың дәл ортасында қара мрамордан текшеленіп жасалған қабір өзінше дараланып тұр. Бұл — Темірдің қабірі. Темір қабірінің шығыс жағында оның немересі Ұлық-Бектің қабірі бар. Басқа қабірлердің барлығы да Темірдің ұрпақтарыныңкі.


Бұдан он-он бес жыл бұрын Москва мен Өзбекстан ғалымдары арнап келіп Темірдің қабірін ашып қарады. Темірдің қабірін аша бергенде ішінен бұрқ етіп ақшыл газ шықты. Ғалымдар алғашқыда улы газ бола ма деп хауіптеніп, өзара ойластыра отырып, олай болуы мүмкін емес деген қортындыға келеді. Ақыры ол газдың сыры ашылды.

Ертеде жауын жауып, сел тасып осы мавзолейдің ішіне су құйылған екен. Қала халқы мавзолей ішіндегі суды шелекпен сыртқа төгіп, сарқады. Сол кезде Темір қабіріне де су құйылған. Ал, Темірдің денесін жерленгенде бальзаммен қатырып қойған екен. Су құйылған соң одан реакция болып, қабірдегі ақшыл газ соның салдарынан шыққан екен. Темірдің сүйегі толық сақталған. Бас терісінен шамалы, шаштары мен мұртының кейбір талшықтары сақталған. Белгілі суретші Герасимов Темірдің бас сүйегіне қарап, оның бет әлпетінің суретін салған. Сол зерттеуде Темірдің оң аяғының қысқалығы және оң қолының жарымжан болғандығы дәлелденді. Көптеген жорықты басынан кешірген Темір майданда жүріп жарақаттанған. «Ақсақ Темір» деген аты да содан қалған.

Сол сыяқты, ғалымдар Ұлық-Бектің де денесін ашып, зерттеу жасап, бет пішінін салған. Ұлық-Бек патшалық киімімен қойылған екен.

Біз атын атаған осы тарихи ескерткіштер талай рет болған жер сілкіністерінен ептеп құлап, жарылғандары болмаса, мавзолейлер мен медреселердің барлығы да негізінен өз қалпын берік сақтаған. Бұл ескерткіштердің ішіндегі ең ерте салынғаны да және көп бұзылғаны да Биби ханым сарайы. Оның сыртқы қақпасы мен төргі күмбезді бөлмесі ғана сақталып, басқа қабырғалары жермен жексен болып кеткен.

Бұл ескерткіштердің тағы бір ерекшелігі, осынша биік бола тұра, барлығының да төбесі тал ағашсыз, күйген қызыл кірпіштің өзінен қаланған. Шынар ағаштан есіктері ғана салған.



Шир-Дор медресесі. XVIII ғ.



Мавзолей, медреселердің ешқайсысында әйнекті терезе болған емес. Текшеленген герезенің тек орны ғана бар. Жарық сол текшеден түседі. Бұл ескерткіштердің, әсіресе, сыртқы бояу, орнаменттері ерекше көз тартады. Бес жүз жылдай уақыттан бері жазғы ыстыққа, қысқы жауынға, жел мен дауылға төтеп беріп, түсін бермей сақтап кеглен сырлар не деген берік. Бұл сырлардың құрамын зерттегенде 16 составтан тұратындығы айқындалды.

Сыртқы қақпада, кіре беріс есіктердің маңдайшаларында мрамор тасынан ойып жасалған әшекейлер, арап алфавитімен жазылған әртүрлі жазулар бар.

Мавзолейлер мен медреселердегі көптеген мрамор тастар Индиядан пілмен тасылған. Бұл ескерткіштерге мыңдаған құлдар көптеген жылдар бойы маңдай терлерін сіңірген.

Бұл ескі тарихи ескерткішті совет адамдары, тіпті шет елдерден келген қонақтар да ерекше ілтипатпен көріп кайтады.

Совет үкіметі мен Коммунистік партия бұл ескі тарихи ескерткіштерге ерекше назар аударып, мавзолейлер мен медреселердің кейбір мүжіліп, сыры тозған жерлерін қалпына келтіріп, әрқайсысына арнаулы күтуші бөліп, сақтауда.

М. Дүйсенов.

## Жылқышы



Тығыршық денелі, орта бойлы, қара торы жігіт колхоз басқармасына бұл жолы ірі талап, орынды өтінішпен келді. Кеңінен толғанып, тұжырымды шешімге бел байласа да, кеңсеге кіре бергенде оның әлде неге жүрегі қобалжыды. Ондағысы: мүмкін, жассынып, қолыңнан келмейді деп қалар ма екен деген хауіп еді.

Амандасып болғаннан кейін:

— Жай ма, балақай, қандай жұмыспен келдің? — деді председатель. Бала председательдің қомсынғандау сөзінен шошып кеткендей болды. Арызын қалай айтудың ретін таппай да қалды. Мұны байқаған бастауыш партия ұйымының секретары:

— Қалқам, шаруаңды қымсынбай айта бер, ұялма! — деді.

Бала ұялшақ мінезіне іштей өкінгендей болып:

— Мені колхоздың жылқышысы етіп жіберсеңіздер екен, — деді. Колхоз басқармасындағылар аз кідіріп қалды да, сәлден соң председатель:

— Шөп тасу шаршатты ма, жылқы бағу саған одан да қыйын, қыстың суығы, қатты борандары, жаздың ыстық күндері, ұзақ түндер болады. Оған

шыдамассың... Бұл — жауапкершілігі күшті жұмыс. Албырттықпен қызықпа, істеп жүрген жұмысыңды тыянақтай бітір, сонан соң қалаға оқуға барасың, — деді. Бала ойланып қалды. Парторг баланың быйыл ауылдың жетіжылдық мектебін бітіргенін, енді колхозда жұмыс істегісі келетінін жақсы білетін. Енді сөзге араласты ол кісі:

— Пысық жастың бірі, талабы өте дұрыс, сауатты жылқышымыз болса жақсы емес пе? — деді.

Өзара кеңестен кейін бала жылқышылыққа жіберілді.

Қуанған бала жігіт рақмет айтқаны болмаса, қоштасуды да ұмытып кетті. Анасына келіп, қолын шекесіне тақап тұрып:

— Сіздің алдыңыздағы тұрған Калинин атындағы колхоздың жылқышысы Рахметолла Дәнекенов! — деді.

Бұл 1949 жылдың күз айы болатын. Колхоздың аға жылқышысы қарт Байназаров Сағындықтың қарамағына барды. Қарт баланың жылқышылыққа құмар екенін аңғарды. Ол ертемен жылқының арасында болады. Алдындағы жылқының әрқайсысын қолымен сыйпап сүйсінеді.

Қылышын сүйреп қыс та келді. Рахметолла жылқышылардың ішіндегі ең кішісі болғанмен, сергегі еді. Жылқыны түнде күзету қандай қыйын. Жас қой деп ол көбіне қоста қалдырылатын. Бірақ, сөйтсе де таң атпай өзінің тор айғырына мініп жылқы арасында жүргенін көретінсің.

Қыс қатты болды. Қатты борандарда жылқыдан айырылып қалмау үшін жылқышылар қажырлана еңбектенеді. Қылшылдаған аяздарда жылқыны құйықалы



жерге тебіндетіп, суыққа төзе білудің өзі неге тұрады. Рахметолла да кексе жылқышылармен кезектесіп қыс бойы еңбектеніп бақты.

Бір күні ымырт жабылмай-ақ боран түтеп кетті. Екі айғыр үйірін жылғада тебіндетіп отырған Рахметолла аттың тізгінін берік ұстай, жылқыны шашау шығармауға тырысты. Бірақ ұзаққа үдеген боран толас таппады. Жылқы босып кетпегенімен, аздап жылыстай берді. Бүкіл түн осылай арпалыспен өтті. Таң атқаннан кейін боран үдей түсті. Жас жылқышы сонда да жылқыны босытпай, тежеумен, ықтасынға ойыстырумен болды. Осылайша бұл күн де өтті. Келесі түн де алғашқы түнге ұқсайды. Бізындаған жел, бұрқыраған қар, түнек басқан қараңғылық — осының бәрі жас жылқышының қырын сындыра алмады. Екі түнгі сұрапыл боранға төтеп беріп, Рахметолла жылқыны аман-есен үйіріне қосты. Мұндай оқыйғалар оның кәсібінде әлденеше кездесті. Ол солардың бәрін жеңе білді.

Осыншалық ерлік еңбектердің арқасында, өзге колхоздардың малы шығынға ұшырап жатқанда, бұлар баққан 500 жылқы қыстан күйлі, аман шықты.

Сүйсінген жылқышылар оны жақсы көріп кетті. Колхоз басқармасы жас жылқышының еңбегін жоғары бағалап отырды, алғаш бір құлын және ақшалай сыйлықтар берді.

Тыңғылықты еңбек Рахметолланы жылына қуанып отыратын болды, ол Ленин комсомолының қатарына өтті.

Жылқышы комсомолец табысқа жете берді: 100 биеден 96 құлын алуды қамтамасыз етті. Жер ыңғайына бала жасынан қанық Рахметолла жаз бойына Қаракеңгір бойының суы мол, шөлі шүйгін жерлерге қоныстанып отырды.

Сонымен, қажырлы жастың еңбегі аудан, облыс еңбекшілеріне таныла бастады. Ол облыстың ауылшаруашылық озаттарының кеңесінде тәжірибесін айтты. 1955 жылы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне барып қайтты.

Рахметолланың алдындағы 600 дан аса жылқы быйылғы қыстан күйлі шықты, бір де бір бие іш тастаған жоқ.

— Мен әр 100 биеден 100 құлын аламын, — деп КПСС XX съезі қарсаңында уәде берген ол. Бұл сертін орындауға оның толық мүмкіндігі бар.

Комсомолец жылқышының табысы да мол, еңбегіне быйыл 10000 сом ақша, 1 құлын алды. Оның «Родина» радиоқабылдағышы бар, ол шешесіне іс машина алып берді, мәдениетті әрі көңілді тұрады.

Жас аға жылқышының еңбегіне колхозы да, анасы да риза.

*Т. Жүргенбеков.*

Ұлытау аудандық комсомол комитетінің секретары.  
Қарағанды облысы.

## Жас авторлардың творчествосы

### ЖАЗ ТАҢЫ

Асқар тауды таң шапағы орады  
Кетті жұлдыз — жазғы түннің қонағы.  
Содан бері әлдеқашан болса да,  
Күн қойнауға нұрын шашқан жоқ әлі.  
Дамыл таппай қатты соғып жағаны  
Кең өзенде аунап толқын ағады.  
Асау толқын дірілдеткен талдарды  
Жұбатады жаздың жұмсақ самалы.  
Көзінді, дос, енді мына жаққа бұр!  
Жартастарда көк кептерлер сапта тұр.  
Гүлді иінде көбелектер секілді,  
Көз тартады қатар-қатар ақ шатыр.  
Шатқалдарда жаңғырығып зор үні,  
Тау дабылын қақты лагерь горны.  
Қызыл жалау желбіреді биікте,  
Дружинаның басталды бір жорығы.  
Ән білдірер саптың ұзап кеткенін  
Тамылжыйды бозторғайлы көктен үн  
Біразырақ шолып алып шындарды  
Жайлап әні көтерілді көкке күн...

*Е. Ібітанов.*

### КӨК ЕШКІ

Осы біздің көк ешкі,  
Басқа малдан көп есті!  
Ерісе қар шатырдан,  
Ұнатар ол күнесті.

Тамшы астына жатпайды,  
Аузы дамыл таппайды.  
— Сол ешкінің Бақытқа,  
Бір-ақ жері жақпайды.

Қолын созса көрмейді,  
Дәметті де демейді.  
Өзі не жеп тұрғанын,  
Айтқысы да келмейді.

*Ж. Смақов.*

### ҮЙРЕНБЕЙМІН МЕН НЕГЕ

Өнеріне көршінін  
Бірде көріп қызықтым.  
Құмарлығым өршіді —  
Талай қағаз сызыппын.

Күн артынан күн өтті,  
Үйренбеймін мен неге?!  
Жақсы салдым суретті,  
Бар ғой саусақ менде де.

*Ж. Карбозин.*



Бетін қысық болса,  
АЙНАҒА ӨКПЕЛЕМЕ!



## Түбір сөз

Тақта алдына шықты да Есенгелді,  
«Құрметті біздің елде қойшы еңбегі» —  
Деп жазды.

Ал, мұғалім оған енді:  
— Түбірі «қойшы» сөздің қайда? — деді.  
Есенгелді сүймейтін ойлауды көп,  
Жауап берді:

— Ол қазір жайлауда, — деп.

Ә. Дүйсенбиев.

## Киелі су


Қараңғы тартты үй іші,  
Аяқтан Ақан су ішті.  
Суреті суда қарсы кеп  
Аузына аузы түйісті.  
Қорқып көзін жұмды да,  
Басын сілкіп шайқады.  
— Киелі екен су мына  
Ішінде жүр шайтаны.

М. Жаманбалинов.


## Бір минут

Отырды ол ұйықтамастан түнде ұзақ,  
Сурет салып дәптерлерін сызғылап.  
Енді бүгін сабағынан кешікті,  
Тақта алдында тұр сілейіп тұнжырап.  
Оқытушы: — сөйле, — дейді, — жасырма.  
— Мен мектептің жеткенімде қасына,  
Сылдыраған қоңырау үні басылды,  
Бір-ақ минут... кешігу ме осы да.  
Өзгелер де жаңа ғана ішке енді,  
Тек әшейін сыр бермейді түстері.  
Бір минутта қандай жұмыс басталып,  
Қандай жұмыс аяқталды, істелді...  
— Біздің саған айтарымыз тек қана,  
(Ақта мейлің өзінді сен ақтама)  
Бір минуттың көрсеткішін көр, міне,  
Бір есепті жазып болдық тақтаға.

К. Дәрібаев.







## Жас мысық

Шықты жап-жас бір мысық  
Үйшігінен аулаға.

Тырнағымен бір қысып  
Торғайларды аулауға.  
Әуреленген ін қазып,  
Көре сала тышқанды,  
Шымырлана, тың басып,  
Бола қалды ықшамды.  
Бассалды ол...

«Пысықтың»

Кеткені-ай, зып беріп...  
Тырнағында мысықтың  
Құйрық қалды бүктеліп.  
Тішекеңнің үзінді  
Құйрығына көзін сап,  
Деп мысекең күрсінді:  
«Жәндік екен тым ұсақ»


*Т. Бердияров.*

## Беймаза

Сотқар бала ұрыншақ,  
Қыястық қой баққаны.  
Жанжалдасар жұғысса-ақ,  
Сүйкімсіздік тапқаны.  
Көңілденіп отырған  
Топ баланы көрді де,  
Қыйтар Шәріп доп қуған  
Кимеледі келді де.

Ойыншығын құлатып  
Мазалады бұларды.  
Кейбіреуін жылатып  
Ұрыс-керіс шығарды.  
Бұдан бәрі әртіндеп  
Жеке бөліп тастады.  
Әжесіне Шәріп кеп  
Жыламасырай бастады.  
Күнде солай ойнаса,  
Өзін ақтап шағынды.  
Бұл қылығын қоймаса,  
Болсын кімге жағымды?

*С. Ләмбеков.*





## СЕНДЕР БҰЛ КІТАПШАЛАРДЫ АЛДЫҢДАР МА?



Мектеп мастерскойынан шыққан бір топ бала колхоз көліне қарай беттеді. Олардың жүзінде ерекше бір қуаныш нұры ойнайды. Қызу әңгіме үстінде балалар әлі-ақ көл басына да келіп жетті. Олар келгенде көл басына жыйналған жас шеберлер жағадағы қайықтың о жер, бу жерін қолдарымен нұқып қызыға қарап жатты. Өлгі кейінгі келген топтағылар да қайық жанына таянды. Көкжасыл сырмен боялған қайық көзге ерекше әсем көрінеді.

Сәлден соң балалар қайықты суға түсірді. Қолында ескектері бар екі бала қайыққа келіп отырды. Сол сәтте жағада тұрған балалар жас достарын дақ бір ұзақ жолға аттандыратындай-ақ:

— Ал, жолдарың болсын, оң сапар! — десті.

Енді бірде қайық көгілдір көл бетінде, артына жібектей созылған бұйра жал із тастап көз ұшында жүзіп бара жатты.

— Алақай, ешқандай да ақауы аңғарылар емес. Тамаша! — деседі жағадағы балалар көл ортасында қараңдаған жалғыз нүктеге көздерін қадап.

Балалар қайықтарының суда зымырап бара жатқанына қатты қуанды. Олар енді әрқайсысы қайыққа отырып жүзуге асықты...

Айдын көлде, кең арналы өзенде қайықпен жүзу шынында да қызық емес пе? Ал, шалқар көлдер, арнасы кең өзендер сенің де туған өлкенде бар. Демек сен де қайыққа отырып көл айдынында, арналы өзенді бойлап саяхаттай аласың.

Қайықты, балалар, өздерің жасап алыңдар. Бұл істі мықтап қолға алса, қайық жасап алу қиын

емес. Ал, сенің қайықты қалай жасау туралы білгің келе ме? Ондайда мұны да білуге болады. Ол үшін сен «шебер қолдар үшін» деген серияда жарыққа шыққан кітапшаларды оқып шық. Бұл кітапшаларды әзірлеген жас техниктердің Москва облыстық және Орталық станциясы. Сол кітапшалардың бірі — Байдарка (жеңіл қайық) деп аталады. Кітапшада — Байдарка «ДОСААФ-1» маркалы қайықтың жеңіл түрі әңгімеленеді. Байдарканың чертеждерін және түсіндірмесін жасаған инженер Э. Э. Клосс.

Бұл — екі адамға арналған байдарка. Оның ұзындығы — 4065 миллиметр, ені — 786 миллиметр. Байдарканың жабдықтарын қоса есептегенде салмағы — 38 килограмм, ол 132 килограмм жүк көтере алады.

Ал, байдарканы қалай жасау керек? Ол үшін қандай құрал-жабдықтар керек? Мұны сен өзің кітапшадан оқып біліп ал. Кітапшада байдарканы жасау жөнінде жақсы кеңес айтылған.

...Әлгінде аспан көгінде бір-екі ғана планер қалқып ұшқан еді. Енді, міне көкте бірнешеуі ерсілік-қарсылы ұшып жүр. Планерлер желсіз тымық ауада жеңіл де еркін қалықтайды. Олар ұзақ уақытқа ұшқан сайын балалар қуанысып қалады. Енді ше! Олар бүгін планерді алысқа және ұзақ уақытқа ұшырудан жарыс өткізіп жүр. Кімнің планері алысқа, әрі биікке ұша алар екен? Мұны бүгінгі осы жарыс көрсетеді...

Балалар, мүмкін, сендер де дружиналарыңда планер ұшырудан жарыс өткізген боларсыңдар. Егер өткізбеген болсаңдар, онда мұны сендер де қолға алыңдар. Ол үшін әрине алдымен планер жасауға кірісіңдер. Алысқа да биікке ұшатын планерді қалай жасау керек? Планершілер жарысын қалай ұйымдастыру керек? Сендер бұл сұрақтарыңа жауапты жаңағы «шебер қолдар үшін» деген сериядағы — «Планердің схемалық моделі» деген кітапшадан таба аласыңдар.

Міне, мектеп мастерскойындағы стол үстінде «шебер қолдар үшін» деген серияда жарыққа шыққан қызыл, ашық көк, жасыл... мұқабалы кітапшалар жатыр. Олардың мұқабасы сыртында бірінде «Планердің схемалық моделі», екіншісінде «Қолдан жасалған электродвигатель», үшіншісінде «Әуе шары» деп жазылған. Осындай «Өзің жасап ал» (жаңа жыл елкасын безендіру үшін қолдан жасауға болатын ойыншықтар) «ЦСЮТ-1Д» детекторлы радиоқабылдағыш», «Қолдан жасалған телефон аппараты» және басқа алуан кітапшалар көп екен. Бұл — жарыққа шыққан кітапшалар. Ал, алдағы уақытта жарыққа шығатыны қаншама десеңші! Быйыл жалпы тиражы екі миллионнан астам осындай 36 түрлі кітапша жарыққа шығарылады. Бұл кітапшаларды кітап саудасы магазиндерінен сатып алуға болады. Егер өзің тұрған қалаңдағы, селоңдағы, колхозыңдағы магазиннен таба алмасаң, онда мына адреске хат жаз: Москва, 5-я Черемушкинская көшесі, Москваның кітап саудасын жүргізетін № 93 магазині. Әр кітапшаның бағасы 85 тыйын.

Пионерлер мен мектеп оқушылары! Сендер әрқайсың «шебер қолдар үшін» деген серияда шығатын кітапшаларды дер кезінде сатып алып тұруды ұмытпаңдар. Осы кітапшалар бойынша түрлі модель жасауға кірісіңдер. Бұл сендердің араларыңда конструкторлық, шеберлік өнерді кең өрістетуге көмектеседі.



## КІТАПХАНАҒА ОЛАР ЖІІ БАРАДЫ

«Тау-түрген» колхозының бастауыш мектебінің жанында кітапхана көптен жұмыс істейді. Кітапханашы Керімбек Иманбеков кітаптың маңызы туралы оқушылардың арасында жиі-жиі әңгімелер өткізетін-ді. Әсіресе, кітапты күтіп ұстау керектігін пионерлерге әрдайым ескертіп қоятын. Быйылғы жазғы демалыс күндерінде кітапханаға келіп кітап алып оқушылардың саны жылдағыдан әлдеқайда артты. Көптеген оқушылар өздері оқыған кітаптарының мазмұнын қарт ата-аналарына айтып беруді әдетке айналдырған. Әсіресе, 3-класс оқушылары Байбатыр мен Шәбелет жазғы демалыстарында әрқайсысы 15 ке тарта сурет-кітапшалар оқып шықты. Қазір де күнделікті сабақтарын дайындаумен бірге кітапханаға жиі барып, көркем әдеби кітаптарды алып оқып тұрады. Өздерінің атына жаздырып алған кітаптарын былғамай таза күйінде кітапханашы қолына дер кезінде тапсырады.

О. Нұрғисаев.

Тау-түрген колхозы

Еңбекшіқазақ ауданы, Алматы облысы.



## ЖАС БАҚШАШЫЛАР БРИГАДАСЫ

Есіл өзені тып-тыныш мөлдіреп ағып жатыр. Қойнауындағы «Заря» астық совхозының бақшасында жұмыс істеп жүрген мектеп оқушыларының қызу қыймылы назарыңды өзіне тартады. Сабырлы, мазмұнды істі көргендей боласың.



Бұл жас бақшашылар бригадасының ұйымдасқанына, міне, екі жылдай уақыт болды. Оқу озаттары Майра Жақыпова, Дәмелі Алпысбаева, Хабиба Гаккуова, Зәуреш Махметова сыяқты оқушылар еңбекте де айта қаларлықтай табыстарға жетті. Тәжірибелі бақшашы П. Е. Бобковтың басқаруымен олар аз уақыттың ішінде 3000 түп капуста көшеттерін және 4000 түп помидор көшеттерін отырғызды.

Быйылғы жазғы демалыстарында да балалар егілген ояштарды арам шөптен тазартты, суарды. Жас жеткіншектердің ынталы істеген еңбегіне риза болған қарт бақшашы П. Е. Бобков: «Біздің оқушылардың барлығы да тіл алғыш, барлығы да ұқыпты!»— деп мақтан етеді. Бұл сөз әкенің балаға деген ризашылық сезімінің айғағы екені даусыз.

К. Күрманғалиев.

«Заря» астық совхозы, Октябрь ауданы, Солтүстік Қазақстан облысы.



## АРҚАР ҚОЙДЫҢ ҚАСИЕТІ

Жазғы жұмыстың қауырт кезінде колхоз орталығында қариялар мен жас балалар ғана қалған еді. Солардың бірі сексен екі жасар Есбосын қарт еді. Өзге қойларын бақташыға тапсырып, Есекең арқар-меринос қара қошқарды қолында семіртіп бақты.

Бір күні ертеңгісін қара қошқар салқын қорада жата-жата мезі болды ма, айтеуір, ашық есіктен шықты да, қолдан егілген көк жоңышқаға тартты.

Бір кезде «Ешкі өлмес» жақтан іші бауырына жабысқан бір аш қасқыр жел жақтан иісті сезе қалды, қошқарға қарай салды. Әлгінде ғана аузына толтырып алған жоңышқаны шайнап басын көтерген қошқар көкжалды көріп орғып ала жөнелді. Қасқыр жонданып алып қуып берді. Бірақ қошқар қораға бұрын жетті. Қора бірнеше бөлімшеден тұрушы еді: бірі қой қора, екіншісі кілет, үшіншісі тауық күркесі. Қошқар түкпірдегі күркеге жетті де, тар есікке мүйізін тосып, қарсы тұра қалды. Қараңғы қораға кірген қасқыр қайда беттерін білмей аңырып тұрып қалды, бірақ іле оңды-солды жол іздеп, қораның ішін дүрсілдете бастады. Осы кезде үй іргесінде ер-тоқым жөндеп отырған қарт дыбысты естіп қалып, қораға келіп еді, қызыл көз қасқырды көрді.

— Әдепбала! Мылтықты әкел! — деп дауыстады Есбосын өзінің кемпіріне. Үйдің есігі бөлек болатын. Кемпір мылтықты әкелді. Шал жасаураған көзімен қызыл көзге қарай атып қалды. Көкжал дүрс құлады.

Кешкіде қасқырды көруге келген балаларға қарт арқар тұқымдас қойдың сезімталдығын қызықтап, әңгімелеп берді.

О. Сейтқазинов.

Талдықорған облысы,  
Сталин атындағы колхоз.

Мұқабаның бірінші бетіндегі суретті салған  
Н. Лебедев, төртінші бетіндегі суретті салған  
В. Нестеров.

## ОҚУШЫЛАР ҚОЙ ҚЫРЫҚТЫ

«Бүгін көмекке мектеп оқушылары келеді», — деген хабарды естігенде қырықтықшылар оларға аса мән бере қойған жоқ. «Жә, солар қай бір жетістірер дейсің» — деп күңкілдеушілер де болды.

Күн сәске болмай-ақ өздерінің мұғалімі Әубәкировтың басқаруымен бір топ оқушы қырықтық алаңына келді. Олардың әрқайсысына қырықтық берілді.

Бұдан бұрын да ата-аналарына көмектесіп қойлы ауылда өскен оқушылар іске батыл кірісті. Кәкенов, Рахимов, Төлеуов сыяқты оқушылардың әрқайсысы бір күнде 25 қойдан жүн қырықты, достарының арасында еңбектің үлгісін көрсетті.

Колхозшы ата-аналар балаларының өнерлеріне, еңбегіне риза болысып, алғыс айтты.

К. Исатаев.

«Социалистік Қазақстан» колхозы,  
Абай ауданы, Семей облысы.



Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х.,  
Ибраева А., Иманжанов М., Ыдырысов Р. (редактор), Қыйрабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор М. Юровский.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 79, редакция журнала «Пионер»

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 16/VIII-1956 г. УГ04013. Бум. 84×108<sup>1/16</sup> — 0,75 бум. 2,46 т. л. Тираж 23 000.  
Полиграфкомбинат Главліздат Министерства культуры КазССР. Заказ № 1314





# Дешалыс

# УАҚЫТЫНДА




## КРОССВОРД

Тігінен:

1. Грузин халқының ұлы ақыны.
2. Қыйыр шығыстағы өзен.
3. Құс. 4. Пән. 9. Жарықтың әсерінен болатын құбылыс. 11. Ұста құралы. 13. Оқушыға қойылатын баға. 15. Қаспий теңізіне құятын өзен. 16. Азиядағы тау. 19. Жәндік. 20. Планета.

Көлденеуінен:

5. Техникалық өсімдік. 6. Африкадағы ел. 7. Сулы жерде өсетін шөп. 8. Аң. 10. Адам мүшесі. 12. Совет Одағының батыры. 14. Европадағы өзен. 17. Одақтас республика астанасы. 18. «Жас гвардия» романындағы кейіпкердің есімі. 21. Орыс жазушысы. 22. Адамзат қоғамы туралы ғылым.



## МАҚТА АҒАШЫ

Қытай Халық Республикасының оңтүстік-батысында, Юньнань провинциясында, шаруалар мақта ағашын өсіреді. Мұны олар «Мақта ағашы» деп атайды. Бұл тамаша өсімдіктің талшықтары Қытайдың солтүстігінде өсетін кәдімгі жай мақтаның талшықтарынан салалы, екі есе ұзын. Осы талшықтардан жоғары сапалы жіңішке жіптер піруге болады.



## ЖАУАП

«Пионер» журналының 1966 жылғы 7-номеріндегі «Географиялық чайнвордтың» жауабы.

1. Кишинев. 2. Вайгач. 3. Челябинск. 4. Крит. 5. Тибет. 6. Тахо. 7. Одесса. 8. Австралия. 9. Якутск. 10. Коми. 11. Индостан. 12. Нукус. 13. Сталиннабад. 14. Дели. 15. Ижевск. 16. Краснояр. 17. Рейн. 18. Нигер. 19. Рига. 20. Амазонка.

21. Ангара. 22. Алдан. 23. Новосибирск. 24. Киев. 25. Владивосток. 26. Кола. 27. Амур. 28. Румыния. 29. Янцзыцзян. 30. Норвегия. 31. Ялта.

Жауабын бірінші жібергендер: Н. Бегілдаева (Түлкібас ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысы), Т. Өмірәлиев, А. Мақышев (Шу ауданы, Жамбыл облысы)

## ЖҰМБАҚТАР ✓

Пысыған соң күштеніп,  
Өлі жүні түсіпті,  
Ырылдайтын тістеніп,  
Кім біледі...?  
Балалармен достасып,  
Жазда бақты қорғайды,  
Күзде кетер қоштасып,  
Кім біледі...?  
Қыйқу салып бақырып  
Айқайлауды тауыпты,  
Қыт-қыт дейтін шақырып,  
Кім біледі...?  
Жеткізбейтін жарыссаң,  
Майда жұмсақ тұлымды,  
Естілер даусы алыстан,  
Кім біледі...?

Тастан-тасқа секірген  
Ұзын-салпақ құлақты,  
Қойдан маза кетірген,  
Кім біледі...?  
Көрдің бе сен, шегініп  
Суға түспес қорқақты?  
Өссе жүрер жегіліп,  
Кім біледі...?

Балалар, сендер жоғарыдағы жұмбақтардың төртінші жолындағы көп нүктенің орнындағы сөзді табындар. Ол сөздер екінші жолдың соңғы сөзімен ұйқасатын болсын.



Н. Озгов.

Мақта ағашынан мол өнім алынады. Үш жылдық ағашта жылына 8 мыңға жуық қауашақ өседі, оларда 20 килограмға жуық мақта болады. Ал, жай мақтаның бір гүбінде 30 шақты ғана қауашақ бар. Онан жыйналған мақтаның салмағы 80—100 грамдай болады.



# ЖАЗДА ОСЫЛАЙ ДЕМАЛДЫМ

Арқам күнге күйген емес  
Мен үйімнен шықпадым.  
Балығыңды көлден емес,  
Үйде отырып ұстадым.



Қыйнамадым жан шіркінді,  
Демалыста бірер ай.  
Күннек күнге жүдей бердім,  
Жүдеп кеттім, бұ қалай?



Спортпеней шұғылданған  
Жолдастарға қарадым.  
Білмеген соң қыйын маған  
Қалғып кетіп барамын.

Жорық жасап, өлке тану  
Серуеніне бармадым.  
Мамама еріп талай жақсы  
Магазинді шарладым.